

Нострадамустың болжамдары

1 желтоқсан — ҚР Тұңғыш Президенті күнінің аса мағыналы түрде, кең көлемде аталып өткені ғанибетті шара болды. Осы мерекенің елжанды азаматтардың басшылығымен ойдағыдай атқарылғаны қай жағынан сараласақта жоғарғы ілтипатқа лайық. Қазақтың: «Өз-өзінді жаттай сыйласаң, жат жанынан түңілер» деген мәтелі бар. Елбасымызды ұлықтау арқылы оның барша Қазақстан халқының ұлағатты ұлы тұлғасы екенін бүкіл әлемге паш еттік. Себебі біз «Елдің елдігі ерінен танымал», «Жақсы адам — елдің ырысы» деген ата-бабаларымыз айтып кеткен тұжырым сөздерді жаттап өскен ұрпақпыз.

Ақылды адам елді басқарса, онда осы мемлекеттің жұрты ең ақырында ақылды болары сөзсіз. Ендеше Қазақстан таяу келешекте өмірдің түрлі салалары бойынша алдыңғы позициялардан ойып орын алатыны анық.

Франция мемлекетінің дәрігері, астролог, еврей халқының ұлы перзенті, адамзат тарихында өмір сүрген көріпкел, сәуегей әулиелердің бірегейі саналған Мишель Нострадамус (1503-1566 ж. ж.) XVI ғасырдан бастап XXI ғасырға дейінгі аралықта әлемде болатын көптеген маңызды тарихи оқиғаларды болжап айтқаны белгілі. Солардың ішінде, император Наполеон Бонапарттың Ресеймен соғысатынын, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың болатынын болжағанды.

Енді Нострадамустың мына бір болжауларына да көңіл аударсақ, ол Францияның королі II Генрикке жазған «Бақытты Генрикке жолдама» деген хатында төмендегідей оқиғалардың болатынын тұспалдап айтады.

«Однако перед тем будет солнечное затмение, самое мрачное, чем когда-либо от самого сотворения мира и от рождения Иисуса Христа. И в октябре произойдет огромное перемещение. Такое, что покажется, будто

тяготение земли потеряло свое природное движение и земля погрузилась в пучину беспросветного мрака.

Весной и после нее будет знамение, затем великие перемены и великие землетрясения, когда мир будет поделен на новые сферы влияния. И в это время возникнет новый Вавилон (символ безбожной империи), презренная дочь, выросшая из мерзостей первых жертвоприношений. Однако ему не удастся продержаться дольше 73 лет и 7 месяцев» (Қараңыз: Дмитрий и Надежда Зима. Тайна Нострадамуса раскрыта. Москва, «Рипол классик», 1998 ж. 241 бет).

Осы екі жолда Нострадамус 1917 жылдың ақпан және қазан айларында болған революцияда Ресейдегі патшалық самодержавияның құлауы мен Ленин бастаған большевиктердің үкімет басына келетінін ескертеді. Сонымен бірге, бұл үкіметтің 73 жыл 7 айдан кейін күйреуінін айтады. Шынында да КСРО үкіметінің ғұмыры 1917 жылдың қазан айынан Ресейдің 1991 жылдың маусым айындағы Тәуелсіздік мейрамына дейін барлығы 73 жыл 8 ай болғаны анық (қараңыз: сонда, 193-194 беттер).

Аталмыш жолдамада Нострадамус: «Затем возникает новая ветвь от древа, что долгое время оставалось бесплодным» (бұлай дегені, КСРО ыдыран, егемендік алған Қазақстан — С. Ж.) и с 50-ой широты явится муж (осы болжамда сөз болып отырған Солтүстік ендіктің 50-ші градусында Ақмола облысы, оның ішінде Астана қаласы орналасқан; солай болғанда ендеше Нострадамустың «явится муж» деп отырған адамы меніңше, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дәл келетін сияқты. — С. Ж.), несущий обновление всей церкви. Тогда будет заключен мир, согласие и единение между детьми, чьи владения разделены разными идеями и границами.

И этот мир будет таким прочным, что подстрекали и поджигали войны, использующие различные религии, будут навеки скованы в глубокой бездне»... — деп жазады (қараңыз: сонда, 241 бет). Осы жолдағы болжамдарға орай айтсақ, 2003 жылы Н. Ә. Назарбаевтың ұйымдастыруымен Астанада бүкіл дүниежүзі дін басшыларының алғашқы құрылтайы өтті. Мұндай әлемдік дәрежеде аса зор маңызы бар діни кенестің өтуіне біздің Президентіміз ұйтық болғаны барша әлем жұртына аян. Қазіргі жаһандану үдерісінде әлем мемлекеттеріндегі діндердің өзара жақындасуы барлық халықтардың рухани бауырластығын, татуластығын тудырып, олардың санасында «біздің ғаламшарымыз — барлық адамзат баласының ортақ үйі» деген салауатты көзқарастарының орнығуы арқасында жер бетінде мәңгілік бейбітшілік пен әділдік орнауына тура жол ашады. Осыны анық аңғарған Елбасымыз 2006 жылдың қыркүйек айында Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші съезін де өткізді. Сонымен қатар, осы съездің басталуы қарсаңында Астанада Елбасының тікелей басшылығымен дүние жүзіндегі ең тамаша көз тартатын ғимараттардың бірегейі саналатын биіктігі 77 метр, жалпы көлемі 26 000 шаршы метрге жуық пирамида формалы зәулім Бейбітшілік пен татулық сарайы да салынып біткен еді.

Бүгінде Қазақстанда жүзден астам этностар мен қырықтан астам конфессиялар қақтығыссыз өмір сүруде.

Бұл — біздің Елбасының сарабдал саясатының арқасында орнаған бірлігіміздің басты жемісі.

Елдегі дінаралық келісім саясатының жарқын көрінісі үстіміздегі жылдың 30-31 мамыр аралығында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің төртінші рет өтуі болды. Осы съезде түркі дін өкілдері мен қоғам

қайраткерлері, ғалымдар мен дін зерттеушілері әлемде әр дінге сенуші, әр адам өз діни жораларын атқарып, бейбіт ғұмыр кешуге болатындығына, діндер арасында келісім орнату мүмкіндігіне көз жеткізді деуге болады.

Халқымыздың діни өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі — үстіміздегі жылдың 6-шы шілдесінде «Әзірет Сұлтан» мешітінің ашылуы болды. Мешітке түркі әлеміне ислам дінін алғаш таратушылардың бірі, дін ғұламасы — Қожа Ахмет Яссауидің Түркістандағы кесенесінің атауы берілуінде үлкен мән-мағына жатқандығы анық. Осы мешіт ашылу салтанатында мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев: «Бұл — кезінде күллі қазаққа рухани орталық болған Түркістанның рухы Елордамызда жаңғырды деген сөз!» — деп атап өткен еді.

Әр үш жыл сайын Астанада өтетін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі Қазақстанды дүние жүзіне танымал еткен брендтердің қатарына жатады.

Сөзімді қорықта келе айтарым, Президентіміздің басшылығымен елімізде болып жатқан дінге байланысты заманауи шаралардан басқа өз қаулысымен 1991 жылы Семей ядролық полигонының мәңгілік жапқандығы және өз ынтасымен әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан ерікті түрде бас тартып жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге аса сүбелі үлес қосты. Елбасымыздың адамзат бейбітшілігі үшін аса маңызды тарихи қадамдары бұдан шамамен 460 жыл бұрын өмір сүрген Нострадамустың болжамдарында айтылғандай дәлме-дәл келуде. Расында, Елбасының басшылығымен Астанамыз бүгінде Еуразияның жүрегіне жол салды. Сонысымен барша қазақ жұрты әлемге әйгілі.

Серік ЖАҚСЫБАЕВ,
Екібастұз қаласының
Құрметті азаматы